

Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін 2019 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы мәслихатының 2019 жылғы 14 маусымдағы № 406 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 маусымда № 8553 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексіне, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 587-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін 2019 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін:

- 1) осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес ағаш шырындарын дайындау үшін;
- 2) осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жанама орман пайдалану үшін;
- 3) осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес қосалқы сүрек ресурстарын дайындау үшін

4) осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін, ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін, ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихаттың
2019 жылғы 14 маусымдағы
№ 406 шешіміне 1-қосымша

Ағаш шырындарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

Орманды пайдалану түрлері	Ормандарды молықтыруға арналған шығындар әдістері	
	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемесі (теңге)
Ағаш шырындарын дайындау (қайың шырыны)	гектар	1942

Мәслихаттың
2019 жылғы 14 маусымдағы
№ 406 шешіміне 2-қосымша

Жанама орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

Орманды пайдалану түрлері	Ормандарды молықтыруға арналған шығындар әдістері	
	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемесі (теңге)
Шөп шабу, оның ішінде шабындық жерлердің сапалы жай-күйінің топтары бойынша:		
жақсы	гектар	1863,2
қанағаттанарлық	гектар	1397,4
нашар	гектар	1087
Мал жаю, оның ішінде ауыл шаруашылығы жануарларының топтары бойынша бір мал басының жайылымы:		
Ірі мал: ірі қара мал, жылқы	бір бас	870
Ірі қара малдың төлі	бір бас	435
Есек	бір бас	435
Ешкі	бір бас	761
Қой	бір бас	217
Ара ұялары мен омарта орналастыру	1 омарта үшін	1552,7

Мәслихаттың
2019 жылғы 14 маусымдағы
№ 406 шешіміне 3-қосымша

Қосалқы сүрек ресурстарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Ағаш және бұта тұқымдарының атауы	Ормандарды молықтыруға арналған шығындар әдістері	
		Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш)
1.	Қайың		
	қабықтар	тонна	0,016
	бұтақтар	тонна	0,032
	томарлар	тонна	0,008
	тамырлар	тонна	0,048
	жапырақтар	тонна	0,024
	бүршіктер	килограмм	0,016
2.	Қарағай		
	қабықтар	тонна	0,021
	бұтақтар	тонна	0,042
	томарлар	тонна	0,011
	тамырлар	тонна	0,063
	жапырақтар	тонна	0,032

	бүршіктер	килограмм	0,021
3.	Көктерек, терек		
	кабықтар	тонна	0,011
	бұтақтар	тонна	0,022
	томарлар	тонна	0,01
	тамырлар	тонна	0,033
	жапырақтар	тонна	0,02
	бүршіктер	килограмм	0,011
4.	Сары қарағанның, бұта тектес талдардың, шырғанақтың, жүзгіннің, шеңгелдің және өзге де бұталардың бұтақтары	тонна	0,024

Мәслихаттың
2019 жылғы 14 маусымдағы
№ 406 шешіміне 4-қосымша

Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін, ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін, ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалануға төлемақы мөлшерлемелері

Орманды пайдалану түрлері	Ормандарды молықтыруға арналған шығындар әдістері	
	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемесі (теңге, айлық есептік көрсеткіш)
Ұзақ мерзімді орман пайдалану		
Ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін	гектар	0 теңге
Аңшылық шаруашылығының қажеті үшін	гектар	жылына 1552,7 теңге
Ғылыми-зерттеу, сауықтыру мақсаттары үшін	гектар	жылына 776 теңге
Рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін	гектар	жылына 3050 теңге
Қысқа мерзімді орман пайдалану		
Ғылыми-зерттеу, сауықтыру мақсаттары үшін	адамнан әрбір болған күн үшін	0,1 айлық есептік көрсеткіші
Рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін	адамнан әрбір болған күн үшін	0,1 айлық есептік көрсеткіші

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК